



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

*2023 жылғы таурлардың өнімдердің импорттық
түсімдері бағасының индексі*

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік-кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескеру мен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (ҚР СЖРА ҰСБ)

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Баға статистикасы департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Касымбеков Нурсултан Ержанович

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Директор Жақыпбекұлы Қуанышбек

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жағалауы, Мәңгілік ел көшесі,
8 Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

nu.kasymbekov@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172)74-92-87

S.2 Өзектілік-кіріспе

Тауарлардың, өнімдердің импорттық түсімдер бағасының индексі республика қажеттілігіне дүниежүзілік қауымдастық елдерінен сатып алынған өнімдерге бағаның өзгерісін сипаттайды.

Импорттық түсімдері бағасы индекстерін құру мақсаты Қазақстан Республикасы резиденттері мен басқа елдердің резиденттері арасындағы алмасатын тауарларға баға өзгерісінің мөлшерін өлшеу болып табылады. Тауарлардың, өнімдердің импорттық түсімдерінің баға индексі 1997 жылдан бастап қалыптастырылады.

1997 жылдан 2016 жылға дейін экспорттық жеткізілімдер бағасының тауарлардың өнімдердің импорттық түсімдерінің индекстері Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен тауарлардың өзара саудасы туралы жалпымемлекеттік статистикалық байқау деректері (1-ТС нысаны) және АҚШ далларымен ұсынылған кедендік статистика негізінде есептелді.

2016 жылдан бастап тауарлардың, өнімдердің экспорттық жеткізілімдері және импорттық түсімдері бағасының индекстері экспорттаушы, импорттаушы (1-Ц (экспорт, импорт) нысаны) кәсіпорындардың бағасына, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге тауарларды өзара саудада сату (1-ТС нысаны) туралы жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың деректері негізінде және теңгеде көрсетілген кеден статистикасы бойынша есептеледі.

Тауарлардың, өнімдердің импорттық түсімдердің баға өзгерісі туралы деректер олардың республика экономикасына ықпал етуін бағалауда, сондай-ақ ұлттық табыстың шамасын, ұлттық шот жүргізу жүйесінің және төлем теңгерімінің агрегаттарын анықтауда дефлятор ретінде қолданылады.

ҚР СЖРА ҰСБ әлеуетті пайдаланушылар мен респонденттер, мүдделі мемлекеттік органдар, сондай-ақ "Атамекен" ҰҚП өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтар)

отырыстарын өткізеді, онда жалпы мемлекеттік статистикалық нысандардың көрсеткіштері ведомстволық статистикалық нысандар мен әкімшілік деректер нысандарының көрсеткіштерімен қайталануын болдырмау және олардың өзектілігі тұрғысынан егжей-тегжейлі талданады.

Пайдаланушылармен кері байланыс ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында басшысының блогы арқылы жүзеге асырылады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

2023 жылғы қаңтар

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

2023 жылғы қаңтар

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

2023 жылғы қаңтар

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Тауарлардың, өнімдердің импорттық түсімдердің бағалар индексі тауарлық топтары, бөлімшелер, сыртқы экономикалық қызметтің бөлімдерде, импорт арналарда салыстыру кезеңдері бойынша есеп беру айы алыдыңғы айға, өткен жылдың желтоқсанға, базалық жылдарға, өткен жылдың тиісті айына және кезеңіне, алдыңғы тоқсанға есепті тоқсан, өткен жылдың тиісті тоқсанына Республика бойынша есептеледі.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Тауарлардың, өнімдердің импорттық түсімдерінің бағасының индексін құру кезінде ҚР СЖРА ҰСБ-ның www.stat.gov.kz сайтында орналастырылған «ЕЭО Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы» сыныптамасы пайдаланылады Басты бет/Статистикалық жіктелімдер/Мемлекетаралық.

S.4.3 Секторлық қамту

Салалық қамту СЭҚТН ЕЭО 19 бөлімдері бойынша тауарлардың, өнімдердің импорттық түсімдері баға өзгерісін есепке алуға мүмкіндік береді (I, II, III, IV, V, VI, VII, VIII, IX, X, XI, XII, XIII, XIV, XV, XVI, XVII, XVIII, XX).

Сыртқы сауда айналымының жалпы құрылымындағын ескере отырып, жекелеген бөлімде СЭҚТН ЕЭО және тауар топтары бөлімдерінің барынша ықтимал саны қамтылады.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

Баға индекстерін есептеу үшін импорттық кәсіпорындардың іріктемелі шеңбері және өнімнің іріктелген тірлері бойынша бағаларды жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың бастапқы бастапқы статистикалық деректері (ІЦ (экспорт, импорт)), Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен өзара тауарлар саудасы туралы (1-ТС) және кедендік статистика деректерді пайдаланылады.

Тауарлардың, өнімдердің импорттық түсімдері бағасының өзгеруін бақылау «Экспорттық жеткізілімдер мен импорттық түсімдердің баға индекстерін құру» әдістемесіне сәйкес жүргізіледі

ол ҚР СЖРА ҰСБ-ның www.stat.gov.kz сайтында «Әдіснама» / «Баға статистикасы» бөлімінде, сондай-ақ www.adilet.kz сайтында қолжетімді.

Әдістемеді келесі анықтамалар қолданылады:

- Агрегатталған баға индексі – жекелеген кіші топ, топ немесе жалпы зерттелетін құбылыс бойынша баға өзгерісін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш және бағаның жеке индекстері негізінде құрылады;
- агрегаттау – төменгі деңгейдегі экономикалық көрсеткіштерді барлық кейінгі деңгейлерде ірі жиынтықтарға біріктіру;
- бағаларды тіркеу – базалық объектілердің іріктемеліре презентативті жиынтығы бойынша өткізілетін тауар, өнімдер және көрсетілетін қызметтер бағаларының деңгейі туралы ақпараттарды жинақтау әдісі;
- базалық объект – байқау және ондағы тарифтерді тіркеу үшін іріктеліп алынған заңды тұлға;
- жеке баға индексі – зерделенетін жиынтықтың (нақты тауардың, көрсетілетін қызметтің) бір элементі бағаларының өзгерісі;
- өкіл-тауар – тауар тобындағы тауардың сапасы мен негізгі тұтынушылық қасиетіне әсер етпейтін және тұтынушылық белгісі бойынша болмашы өзгешелігімен (бөлшектермен) ерекшеленетін белгілі тауар түрлерінің жиынтығы;
- салмақтау сызбасы – стандартты жіктелімге сәйкес агрегаттаудың барлық сатылары бойынша анықталған нақты өнімдер (тауарлар), қызметтер түрлері салмағының жиынтығы;
- тауар сипаттамасы – баға тіркеу үшін іріктелген жеке тауарды, өнімді сәйкестендіру үшін ерекшелеу қасиеті, ерекшелігі;
- іріктеу – статистикалық деректерді жинау және өңдеу кезінде қолданылатын бекітілген жіктеуіштер, номенклатуралар мен анықтамалықтардан жеке айқындамалар.

S.4.5 Статистикалық объект

Тауарлардың, өнімдердің импорттық түсімдерінің баға индексі үшін статистикалық объект – іріктемеге түскен сәйкес заңды тұлғалар және (немесе) олардың тауарлардың, өнімдердің импортын жүзеге асыратын құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірліктерін таңдау қағидаты)

Тауарлардың, өнімдердің импорттық түсімдерінің бағаларына жалпы мемлекеттік байқау базалық объектілерінің, тауарлардың, іріктемелі жиынтығы негізінде жүзеге асырылады.

Тауарларды, өнімдерді іріктеу, талдау негізінде жүзеге асырылады Республиканың сыртқы сауда айналымының көлемі туралы статистикалық деректер теңгемен көрсетілген белгілі бір жыл.

Заңды тұлғалардың жалпы тізбесінен негізінен сыртқы нарыққа маңызды тауарларды зерттейтін және үнемі үлкен көлемде тауарларды, өнімдерді жеткізіп тұратын ірі және орта импортерлар, сонымен қоса сыртқы сауда мамілілеріне маманданған делдал-ұйымдар таңдап алынады. Шағын үшін бірқатар шектеулер бар, өйткені олар кәсіпорынның меншік нысанын, мамандандыру бейінін жиі ауыстыруға ұшырайды.

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар.

S.4.8 Қамту уақыты

Теңгемен көрсетілген сыртқы сауда мәмілелері бағасының өзгеруін сипаттайтын тауарлардың, өнімдердің импорттық түсімдері бағасының индексі 2016 жылдан бастап қалыптастырылады.

S.4.9 Базалық кезең

2021-2025 жылдары базалық кезең 2020 жылғы желтоқсан болып табылады.

S.5 Өлшем бірлігі

Пайыз

S.6 Есепті кезең

Ай

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.
2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.
3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі №183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дерек көздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидалары.
4. "Экспорттық жеткізілімдер мен импорттық түсімдердің баға индекстерін құру әдістемесі" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 20 тамыздағы No 124 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 16 қыркүйекте No 12063 болып тіркелді. Сайтта қол жетімді ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz басты бөлімде / әдістеме / баға статистикасы және www.adilet.zan.kz.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынған деректердің құпиялылығы және қорғалу кепілдіктері қамтамасыз етіледі.
2. 2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.
3. ҚР СЖРА ҰСБ басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басшылық қағидалары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты Бюроның есептеу техникасы құралдарында оның тұтастығы мен теңтүпнұсқалығы жағдайында сақталатын және өңделетін ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету болып

табылады.

S.8.2 Құпиялылық–деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидаларын бекіту қағидалары. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабының 1-тармағы, 2-тармағы. Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СЖРА ҰСБ сайтында www.gov.kz Басты бөлімінде // Құжаттар орналастырылған.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі «Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасы» www.gov.kz, Басқалар/ҚР СЖРА/Агенттік туралы/Ұлттық статистика бюросы/Құжаттар бөлімінде «2023 жылға арналған ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі» орналасқан.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпарат ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес статистикалық жұмыс жоспарында көзделген көлемде таратылуға жатады.

Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға сапалы ресми статистикалық ақпарат пен статистикалық әдіснамаға қол жеткізуге тең құқықтарды мемлекеттік статистика органдарының Интернет-ресурстарында (ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайты) орналастыру арқылы қамтамасыз етеді.

S.10 Тарату жиілігі

Ай сайын

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Жедел ақпарат баспасөз хабарламасы түрінде жарияланбайды.

S.11.2 Жарияланымдар

1) "Қазақстан Республикасы тауарларының, өнімдерінің экспорттық жеткізілімдері және импорттық түсімдерінің баға индекстері" электрондық кестелерінде өткен жылдың алдыңғы айымен, желтоқсанымен, базалық жылмен, өткен жылдың тиісті айымен және кезеңімен салыстырғанда есепті кезеңдегі, өткен тоқсандағы, өткен жылдың тиісті тоқсанына жеткізілім арналары, Республика бойынша импорттық түсімдер бағаларының индекстері туралы деректерді қамтиды.

Электрондық кестелер негізгі бетте Экономика//Баға статистикасы бөлімінде жарияланады.

2) Тауарлар, тауар топтары, сыртқы экономикалық қызметтің кіші бөлімдері, бөлімдері бойынша, түпкілікті мақсаты бойынша жіктелген өнім бойынша, салыстыру кезеңдері бойынша бір айдағы

импорт арналары бойынша (алдыңғы айға, өткен жылдың желтоқсанына, базалық жылға есепті ай; тиісті жылға есепті жылдың айы мен кезеңі) тауарлардың, өнімнің импорттық түсімдерінің баға индекстері бойынша динамикалық кестелер өткен жылдың айлары мен кезеңдері; есепті тоқсан өткен жылдың сәйкес тоқсанына сәйкес) республика бойынша "Талдау" Ақпараттық - талдау жүйесінде ҚР АӘК БНС интернет-ресурсында орналастырылған <https://taldau.stat.gov.kz>.

S.11.3 Онлайндық деректер базасы

S.11.3.1 AC1. Деректер кестесі-кеңестер

Іске асырылмаған

S.11.4 Микродеректерге қол жетімділік

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

S.11.5 Өзгеде

Жоқ

S.11.5.1 AC2. Метадеректер–кеңестер

Іске асырылмаған

S.12 Құжаттаманың қол жетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

"Экспорттық жеткізілімдер мен импорттық түсімдердің баға индекстерін құру әдістемесі" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 20 тамыздағы No 124 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 16 қыркүйекте No 12063 болып тіркелді. Сайтта қол жетімді ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz басты бөлімде / әдістеме / баға статистикасы және www.adilet.zan.kz сайтында қолжетімді.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

4. Қазақстан Республикасының Стратегиалық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2024 жылғы 19 наурыздағы №2 бұйрығымен бекітілген әкімшілік деректердің сапасын бағалау қағидалары. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 20 наурыздағы №34168 тіркелген.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Баға статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

- алғашқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау.
- тауарлардың, өнімдердің, көрсетілетін қызметтердің стандартты статистикалық жіктелімін пайдалану;
- алғашқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық, визуалдық) әзірленген және енгізілген;
- бастапқы деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңмен бекітілді;
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (динамикада, әкімшілік деректермен, салааралық);
- бағаны байқау үшін іріктелген тауарлар, өнімдер, көрсетілетін қызметтер және базалық объектілер тізбелерінің іріктемелі жиынтықтарын ротациялау;
- өлшеу жүйелерін жыл сайын қайта қарау;
- агрегацияның барлық деңгейіндегі баға индекстерін есептеу үшін бірыңғай формулаларды қолдану.

S.13.2 Сапаны бағалау

Импорттық түсімдер бағасының индексі есептеу әдістемесі Финляндияның Статистикалық агенттігінің "ҚАЗСТАТ: Ұлттық статистикалық жүйені нығайту жөніндегі жоба" жобасы аясында прогрессивті тәжірибесі ескере отырып әзірленген.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Тауарлардың, өнімдердің импорттық түсімдерінің баға индексі пайдаланушылардың, ішкі (салалық статистика органдарының), сыртқы (мемлекеттік органдардың, экономистердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың басқару органдары мен қаржы-экономикалық қызметтері қызметкерлерінің, ғылыми, Кәсіпкерлік және банк қызметкерлерінің, профессор-оқытушылар құрамының, студенттердің, бұқаралық ақпарат құралдарының) қажеттіліктерін қанағаттандырады.

S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

ҚР СЖРА ҰСБ "Пайдаланушыларға сауал салу" Q-002 сауалнамасына сәйкес ресми статистикалық ақпарат пайдаланушыларға сауал салу жүргізіледі.

S.14.3 Толықтығы/R1. Деректердің толықтығы-үлес

Қолданылмайды

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескеру мен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Импорттық түсімдер бағасының есептелетін индекстерінің дәлдігі мен сенімділігі бақылаудың оңтайлы таңдалған әдісін жүргізумен қамтамасыз етіледі.

Экспорттық жеткізілімдер мен импорттық түсімдер бағасының индекстерін құру әдістемесі базалық объектілерді іріктеуге, бағаларға статистикалық байқау жүргізуге және көрсеткішті есептеу рәсімдеріне қойылатын талаптар қойылған халықаралық стандарттарға негізделген.

Тауарлардың, өнімдердің экспорттық жеткізілімдері мен импорттық түсімдерінің бағасын зерттеу үшін байқаудың іріктемелі әдісі қолданылады. Заңды тұлғалардың жалпы тізбесінен негізінен сыртқы нарыққа маңызды тауарларды зерттейтін және үнемі үлкен көлемде тауарларды, өнімдерді жеткізіп тұратын ірі және орта экспортерлар, импортерлар, сонымен қоса сыртқы сауда мәмілелеріне маманданған делдал-ұйымдар таңдап алынады

S.15.2 Іріктемеқатесі-индикаторлар/A1.

Мақсатты іріктемені пайдалану себебіне бағалау мүмкін емес.

S.15.3 Іріктеме мен байланысты емес қате

Анықталмаған.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Мақсатты іріктемені пайдалану себебіне бағалау мүмкін емес.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру-үлес

Мақсатты іріктемені пайдалану себебіне бағалау мүмкін емес.

S.15.3.1.2 A3. Жалпыбірліктер-арақатынас

Мақсатты іріктемені пайдалану себебіне бағалау мүмкін емес.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі-үлесі

"Шартты" тарифтерді есептеу әдістері Жүк көлігі қызметіне тарифтер индексінқұру әдістемесіне сәйкес қолданылады. Жауабы жоқ жауаптардың үлесі есептелмейді.

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы-үлесі

Есеп жүргізілмейді.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күтукезеңі-алғашқы нәтижелер

Электрондық кестелердегі алғашқы нәтижелер респондеттер алғашқы статистикалық ақпаратты ұсыну мерзімі аяқталғанан кейін 42 күні жарияланады және түпкілікті болып табылады. Жариялау күні Статистикалық жұмыстар жоспары мен Ресми статистикалық ақпараттарды тарату графигінде бекітілген және жарияланған.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі-соңғы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен жыл сайын бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады және таратылады. Жариялау мерзімі ҚР СЖРА

ҰСБ басшысының бұйрығымен жыл сайын бекітіледі және статистикалық жұмыстар жоспарында белгіленген.

Нақты және жоспарланған күндер сәйкес келеді, 2023 жылы жарияланым мерзімінің бұзылуы болған жоқ. Егер жарияланым демалыс немесе мереке күндеріне түссе, жарияланымдарды шығару келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасы аумағының шегінде.

S.17.1.1 Ағындардың айналыс татистика бойынша ассиметриясы коэффициент/СС1

жоқ

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

Тауарлардың, өнімдердің импорттық түсімдері бағалары индексінің динамикалық қатары 2016 жылдан бастап салыстыруға болады және үндіксіз, өйткені 2016 жылдан бастап сыртқы сауда бағасының индекстері теңгемен (өткен жылдары – АҚШ долларымен) көрсетілген сыртқы сауда мәмілелері бағасының өзгерісін сипаттайды.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Экспорттық жеткізілім бағасының индекстерінің құру әдістемасының негізгі тәсілдері және импорттық түсімдер жобалары 2012-2016 жылдарға Қазақстан Республикасының ұлттық статистика жүйесін бекіту бойынша "ҚАЗСТАТ" жобасы аясында Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ), Халықаралық Валюта қоры (ХВҚ), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ), Еуропа қоғамдастығының статистика бюросы (Еуростат), БҰҰ және Дүниежүзілік Банкімен дайындалған "Экспорт және импорт баға индексі бойынша нұсқаулық: теория және тәжірибе" - 2009 қағидаттары мен ұсынымдарын ескере отырып әзірленген.


S.18.2 Ішкі келісушілік

Импорттық түсімдер бағасының индекстері ішкі келісілген болып табылады.

Импорт және бөлшек сауда бойынша күнбағыс майына бағасының өзгеруі

Қазақстан Республикасында

пайызбен, адыңғы айға, өсуі +, кемуі –



2023 жылы Қазақстан Республикасына күнбағыс майына импорттық түсімдер бағасының өзгеруі және олардың бөлшек саудадағы өзгеруі ұқсас болды. 2023 жылдың қыркүйек айында валюта бағамының өсуіне байланысты күнбағыс майына импорт бойынша бағаның өсуі байқалды, бұл бөлшек саудадағы бағаның өсуіне әсер етті.

S.19 Жүктеме

Бағалар респонденттің қалауы бойынша электронды түрде және қағаз жеткізгіште жиналады.

Деректерді жинау онлайн режимде жүзеге асырылады, онда респондент үшін әдеттегі енгізу қателерінің болуына жол бермейтін автоматтандырылған арифметико-логикалық бақылаулар көзделген. Ақпаратты өңдеу процестері жергілікті бағдарламалық кешендерді қолданумен автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратты бақылау, жетіспейтін деректерді енгізу рәсімдері көзделген. Басқа зерттеулермен қайталанбайды. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен тауарлардың өзара саудасы туралы жалпымемлекеттік статистикалық байқау деректері (1-ТС нысаны) және кедендік статистика деректері пайдаланылады.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау/А6

Қолданылмайды.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Импорттық түсімдер бағасының индексін құру деректердің екі ағынын пайдалануды көздейді: салмақ компоненттері (өлшеу схемасы) және тауарларға, өнімдерге импорттық түсімдердің бағаларын өзгерту.

Салмақтау схемасы тұтастай республика бойынша орталықтандырылған түрде қалыптастырылады. Олардың құрылысы бақылауға енгізілген жеткізу бағытына байланысты экспортталатын тауарлардың, тауарлардың түрлері бойынша өнімдердің, өнімдердің көлемі туралы құнды деректерді бөлуге негізделген.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

ай

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

"Тауарлардың, өнімдердің экспорттық жеткізілімдері мен импорттық түсімдерінің бағалары туралы есеп" 1-Ц (экспорт, импорт) статистикалық нысанын ұсыну қағаз жеткізгіште қолма-қол аумақтық статистика бөлімшелерінің "бір терезесіне", пошта байланыс қызметтері арқылы немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру ҚР СЖРА ҰСБ интернет-ресурсында (www.stat.gov.kz) орналастырылған "деректерді on-line режимде жинау" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

"Мемлекеттік статистика туралы" ҚР Заңының 17-бабына сәйкес респондент статистикалық байқаулар жүргізу кезінде респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне

және статистикалық әдіснамаға сәйкес анық алғашқы статистикалық деректерді ұсынуға міндетті. Бастапқы статистикалық деректердің дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында дұрыс емес деректер немесе оларды респондентке қатысты беру тәртібін бұзушылықтар анықталған жағдайда аумақтық бөлімшелер мемлекеттік бақылау жүгізеді. "Мемлекеттік статистика туралы" ҚР Заңының 12.2-бабына сәйкес.

Бастапқы статистикалық деректерді енгізу және өңдеу кезінде тарифтердің минималды және максималды индекстерінің форматтық-логикалық бақылаулары, алдыңғы айдағы тарифтер деңгейімен салыстыру, сонымен қатар әртүрлі шығыс бақылаулары бар.

Бұдан басқа, бастапқы статистикалық деректердің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін ҚР СЖРА ҰСБ-ның жауапты қызметкерлері форматтық-логикалық бақылау және визуализация қателерін пайдалана отырып, бастапқы статистикалық ақпаратты тексереді.

S.21.5 Импутация-үлесі/А7

Импутация экспорттық жеткізілімдер мен импорттық түсімдер бағасының индекстерін құру әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Бағаларды тіркеу кезінде жыл ішінде импорттық түсімдердің тұрақсыздығына байланысты тауарларға, өнімдерге бағалар бойынша ақпараттың болмауына байланысты жағдайлар жиі кездеседі. Сондықтан есепті жыл ішінде "шартты бағаларды" пайдалану немесе уақытша жоқ өкіл тауарларға бағаларды импутациялау қажеттілігі туындайды.

Баға индекстерінің динамикалық сериясының үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін "шартты бағаларды" пайдаланудың келесі әдістері бар:

- 1) алдыңғы айдың бағасына тең бағаны пайдалану;
- 2) сол тауарлар-өкілдер бойынша, бірақ жеткізудің басқа партиясы немесе межелі және (немесе) шығарылған елдер бойынша бағалардың өзгеруіне түзетілген бағаны пайдалану;
- 3) басқа базалық объектілердің өкілдері-ұқсас тауарларға бағаның өзгеруіне түзетілген бағаны пайдалану.

Алдыңғы кезеңнің (айдың) деңгейіне 100% деңгейінде "шартты бағаны" Пайдалану Сыртқы сауда мәмілесін жасаудың келесі фактісіне дейін жүргізілетін болады. Сонымен қатар, өкіл-тауарлардың бағасын екі-үш айдан артық тіркеу мүмкін болмаған жағдайда, таңдалған тауар түрін базалық объектідегі жаңа өкіл-тауармен ауыстыру рәсімі қолданылады.

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Жүзеге асырылмайды.

S.22 Ескерту

Статистикалық деректердің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыру.